

ӘОЖ 37.091.31(= 512.122)

А.Т. ДЮСЕНБАЕВА, М.Қ. ҚАНАТОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

**АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН
ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУЫНДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Түйін сөздер: тіл, тіл байлықты дамыту, ойын, технология, ойын технологиясы.

**РАЗВИТИЕ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ
НА ОСНОВЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
НА УРОКАХ «РОДНАЯ РЕЧЬ»**

В статье рассмотрены инновационные технологии через переход от объяснительно-иллюстративного к деятельностному обучению, которые создают благоприятные условия для развития субъектности учащихся. Игровые технологии основываясь на деятельностном подходе в обучении способствует развитию речи, коммуникативной компетенции учащихся.

Ключевые слова: речь, развитие устной речи, технология, игры, игровая технология.

**DEVELOPMENT OF THE SPEECH OF PUPILS
OF INITIAL CLASSES ON THE BASIS OF USE
OF GAME TECHNOLOGIES AT THE LESSONS «NATIVE SPEECH»**

The main objective of school is integration of achievements of modern Kazakhstan school and the best foreign practices, search and introduction of the new technologies aimed

at the development of identity of the identity of children. Innovative technologies through transition from explanatory and illustrative to activity training create favorable conditions for development of subjectivity of pupils. The game technology based on activity approach in training promotes development of the speech, communicative competence of pupils. During game various life situations are modulated during which decision at school students the speech develops and enriched.

Keywords: language, development of the spoken language, playing, technologies, playing technologies.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраларының ішінде оқушыларды оқу мен жазуға үйрету, олардың тілін дамыту әдістемесіне қатысты құнды пікірлері көп кездесетін тұстары – оның достарына, әріптестеріне жазған хаттары. Бұл хаттарында ұлы ағартушы қазақ балаларының сауатын ашуға кедергі болып жүрген мәселелерді батыл көтеріп, осы жұмысты нәтижелі жүргізуге ықпал ететін өзінің әдістемелік нұсқауларын баяндайды, тіпті, кейде сол кездегі қазақ балалары оқитын мектептерде қолданылған бағдармаларды жетілдіру жолдарын да атап өтеді [1].

Демек, Ы. Алтынсариннің мектептегі оқушылардың тілін дамыту жұмыстарын жүргізу әдістемесін жасауға қазақ топырағында тұңғыш рет талпыныс жасаған әдіскер ғалым екеніне шүбә келтіру мүмкін емес.

А. Байтұрсынұлының әдіс-тәсілдер жүйесі өзге жұрттарға еліктеуден тумауы керек, ана тілінің төл табиғаты, оның баланың ойы мен тілін дамытудағы жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы маңызы ескеріле отырып жасалынуы қажет деп айтқан пікірі әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ,

А. Байтұрсынұлына ілесе қазақ бастауыш мектептеріндегі тіл дамыту жұмысына арнап кітап жазған тілші ғалымдардың бірі – Т. Шонанұлы. Бастауыш мектепте оқушының ауызша тілін дамытуда Т. Шонанұлы «Тіл дамыту» оқулығының (1-ші басқыш мектептер үшін жазылған, 1931) алатын орны ерекше. Бұл оқулығында ол тіл дамытудың тиімді жолдарын ұсынып, оларды қолдану ерекшелігін де сипаттаған [2].

Ал М. Жұмабаев «Ана тілі бастауыш мектепте» деген еңбегінде оқушылардың ауызша тілін дамытуға дағдыландыратын жаттығулар жүйесін әр оқу жылына сәйкестендіріп, 1-2 сыныпта көргені бойынша өзінің алған әсерін айту, 3-4 сыныпта болған оқиға жайлы немесе белгілі бір тақырып бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді ұсынады [3].

Бұл жаттығулардың көпшілігі оқушыны ауызша байланыстырып сөйлеуге үйретуге құрылған.

М. Жұмабаев баланың ауызша байланыстырып сөйлеуін жетілдірудің мынадай әдіс-тәсілдерін ұсынады: а) сахналау; ә) сурет бойынша әңгіме; б) әңгіменің бір бөлімін алып тастап айта білу; в) даяр әңгімені өз жанынан

толықтыра білу; г) хат жаза білу; ғ) бір белгілі әңгімеге ұқсас екінші әңгімені ойдан шығарып айта білу т.б. [3].

Ғ. Бегалиев аталған кітабының «Тіл дамыту» бөлімінде балалардың сөзі мен ойының арасындағы байланысты, ауызекі сөйлеу мен жазба тілдің ерекшеліктерін талдай келіп, оқушылардың ауызша тілін дамытуға бағытталған жұмыстарды төмендегідей түрлерге бөледі:

– білетін сөздерін де оқушылар қаншалық дұрыс қолданылатынын анықтау, сөз қорын байыту;

- сөйлем құратқызып жаттықтыру;
- тиянақты түрде сөйлеуге үйрету .

Бастауыш сыныптағы тіл дамыту жұмыстарының осы жүйесі аталуы сәл-пәл өзгеріске түскені болмаса (мысалы, «сөздік жұмысы», «сөйлеммен жұмыс», «байланыстырып сөйлемді дамыту»), әлі күнге дейін қолданылып келе жатқаны белгілі. Ғ. Бегалиев тіл дамыту жұмыстарының осы жүйесінің алғашқы екі түрі балалар мектеп есігін ашқан күннен, яғни сауат ашу кезеңінен бастап жүргізілетінін айта келіп, оларды нақтылай, жіктей түседі. «Бала мектепке келген күннен бастап, оның сөз қорын молайту және сөзді дұрыс қолданып, қолданбауын анықтау жұмысын жоспарлы түрде жүргізу қажет. Баланың сөздігінде мағынасын өзі дәл білетіні де, дәл білмейтіні де болады. Міне, сол дәл білмейтінін түсіндіріп, дұрыс қолдануға төселдіру керек.

Баланың сөздік қорын байыту жолдарының түрліше екенін автор былайша топтастырады:

- төңіректің, табиғат құбылыстарын байқатып сөйлету;
- суреттер арқылы әңгімелер құратқызу;
- әңгіме, өлең, мақала, газет оқыту;
- радио хабарын, мұғалім әңгімесін, жолдастарының сөзін тыңдатып, білгенін айтқызу;
- мектеп учаскесінде, колхозда істеген жұмыстары туралы сөйлету;
- қоғамдық жұмысқа, мектеп жұмысына, мейрамға дайындық ісіне қатыстыру».

Тіл байлығын дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен ана тіліне ғана байланысты болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тәуелді [4].

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – оқу-шыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме – ғылымның бір саласы.

I-кесте – Тіл дамыту жұмыстарының мазмұны

Кезеңдер	Тіл дамыту жұмыстарының мазмұны
Бірінші кезең	<ul style="list-style-type: none"> – балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын байқау; – оларға сөйлем, сөз, дыбыс туралы алғашқы түсініктер беру; – сөздік қорларын анықтау; – сөйлеу мәнеріндегі кемшіліктерді байқап, есепке алу.
Екінші кезең	<ul style="list-style-type: none"> – нақтылы дыбыстарды оқытуды және жазуды меңгертуге байланысты күн сайын ұшырасатын жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың белсенді сөздік қорларына енуін қадағалау (сөздік жұмысы); – тілдегі омонимдік, антонимдік, көп мағыналық құбылыстар туралы іс жүзінде алғашқы түсінік беру, оларды дұрыс қолдана білуге дағдыландыру; – оқушылардың жазба тілінің негізін қалыптастыру; – ауызекі байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; – оқушылардың сөйлеу дағдыларындағы кемшіліктерді (сөйлеу мәнеріндегі, сөз қолданыстарындағы т.б.) бірге-бірге жою бағытында жұмыстар жүргізу
Үшінші кезең	<ul style="list-style-type: none"> – оқушылардың оқуға және жазуға үйрену барысында алған білімдеріне сүйеніп, олардың ауызекі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; – жазба тілін дамытуға баса назар аудару; – шағын сөйлемдерден құралған мазмұндама, шығарма жаза білуге дағдыландыру; – оқушылардың сөздік қорларының байып, сөздерді орынды қолдана білу дағдыларының қалыптасуын қадағалау; – сөйлеу мәдениеті мен мәнерін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру

Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделе дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері – тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді. Ал сөйлеу – психикалық құбылыс. Ол – әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі. Сөйлеуде объективті шындықты осы адамның субъективті түрде бейнелеп, оған индивидтің көзқарасын білдіреді. Яғни адам тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі, сөйлеу психологияның зерттеу объектісі болып табылады. Солай бола тұрса да, күні бүгінге дейін мектептегі тіл дамыту жұмыстары психологиялық ғылымнан оқшау жүргізіліп келеді. Соңғы кезде ғалымдар: «Психология әдістеме ғылымынсыз-ақ өркендеп, өмір сүре береді, алайда әдістеме ғылымы психологиясыз дамып, жетіле алмақ емес. Әдістеме

толық мәнді ғылыми пән болуы үшін, ол психологиялық негізге сүйенуі қажет», – деген пікірді іс жүзінде дәлелдеп отыр.

Бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады:

- 1 Сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе).
- 2 Оқу, тіл дамыту (Ана тілі).
- 3 Грамматика, емле тіл дамыту (Қазақ тілі).

Бастауыш мектепте ана тілі сабағында сөздік қорды дамыту жұмыстары түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады:

- сұрақ-жауап;
- әңгімелесу;
- әңгімелеу;
- түсіндіру;
- зерттеу;
- түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы.

Мектепте тілді оқыту ісінде ана тілі пәнінің үлесі орасан зор. Ана тілі пәні бойынша оқушыларды өмірге баулу жөніндегі міндеттер тілдің негізгі қоғамдық қызметіне, атап айтсақ, түпкілікті коммуникативтік байланыс, қатынас құралы ретінде және экспрессивтік (эсер, ықпал етуге, дәнекер болу) қызметіне орай жүзеге асырылады [5].

Сонымен, ана тілі сабақтарында ойын технологиясы арқылы оқушының тіл байлығын дамытуын арттыруға жәрдемін тигізеді.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, ана тілі сабағында ойын формаларын еңгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады. Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Ойын баласын оқытудың басты жолы – «ойын әдісі». Баланы оқытудың барысында оның берілген ақпаратты қабылдауда ықпалдағы, төзімі 20 минуттан аспайды. Сондықтан ойын баласына еркіндік берілуі тиіс. Баланың ойын әрекетін белгілі бір жүйемен оқу әрекетіне айналдырудың сан қилы жолдары қарастырылуы жөн. Оған балаларда белгілі бір жағдайда қалыптасқан ойын жүйесін, таңдалынып алынған ұлттық ойындарды, тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген дидактикалық ойындарды қай жерде, қалай таңдап, қалай

пайдалану мұғалімдерден үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді.

Сабақты ойын баласы тез шаршап жалықпайтындай, оның денсаулығына, жүйке жүйесіне нұқсан келмейтіндей етіп ұйымдастыру да мұғалімнің білім деңгейіне, тәсіліне, шеберлігіне байланысты. Ойын әдісін сабақтың кез келген кезеңінде тиімді пайдалануға болады.

Ойын оқытудың әдісі, тәсілі, құралы әрі сабақты ұйымдастырудың формасына айналғанда ғана 6 жасар бала үшін мектеп «қуаныш мектебіне» айналмақ.

Ойын технологиясы – оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әр түрлі ойындарды қолдануды көздейтін дидактикалық жүйелер.

Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

«Ойын» технологиясының мақсаты – оқушыларға жаңа білім-білік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, зерттеу жұмыстарына бағыттау.

Ойын арқылы оқыту технологиясы – балама варианттарды таңдап алу негізінде қойылған міндеттерді шешу біліктерін қалыптастыратын әртүрлі ойындарды қолданудың жүйесі.

Ойынның мазмұны логикалық ойға құрылып, адам бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал тигізеді.

В.В. Николина жүргізген зерттеу нәтижелері негізінде ойын технологиясының бірнеше компоненттерін бөліп көрсетті, мәселен:

- мотивациялық;
- бағдарлаушылық;
- мазмұндық-тәсілдік;
- құндылық-еріктік;
- бағалаушылық.

Ойынның мақсаты оқушылардың дидактикалық ойындар арқылы қол жеткізетін білімділік, тәрбиелік, танымдылық қабілеттерінің нәтижелеріне тікелей байланысты.

Ғалымдардың, қазіргі мектептегі оқыту жүйесінде ойынды қолдану тәжірибесін жалпылау негізінде бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын дамытуда ойын технологиясын қолданудың педагогикалық төмендегідей шарттары анықталды.

Ойын ұзақтығы ойын мақсатына байланысты тікелей байланысты. Ойын ұзақтығын айқындау мұғалімнің сабақты дұрыс ұйымдастыруына, уақытын нақты есептеуіне көмектеседі. Сонымен қатар мұғалім сабақ мақсатына сай дидактикалық ойындарды орынды қолдану жолдары мен әдіс-тәсілдерін анықтап, игерілетін білім, білік көлемін болжайды.

Ойын ережесі оқушылардың жас ерекшеліктері мен түсініктеріне сай дәл тұжырымдалған, қарапайым болуы тиіс.

Ойынға қатысушылар саны мұғалімнің алдына қойған мақсатына қарай іріктеледі. Егер мұғалім оқушыларды саралап, деңгейлеп оқытып, баланың жеке қабілеттерін нығайтқысы келсе, онда ойынға қатысушылар санын өзгертіп отыруға болады.

Ойын мазмұны оқу бағдарламасын қамтитын сабақтағы білім мен біліктерді бекітуге, жаңа сабақты сапалы меңгертуге арналуы керек.

Дидактикалық ойындарға материалды таңдап алу кезінде мынаны ескеру қажет:

- ойындарды пайдалануға оқу материалы мазмұнының мүмкіндіктері;
- білім көлемі мен сипаты, оларды меңгерудің қолайлылығы;
- ақыл-ой, іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастырудың алғышарттары.

Оқушылардың тіл байлығын дамытуға бағытталған дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

- сыныптағы бағдарлама материалға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашу керек;
- тапсырмалардың біртіндеп күрделенуін қамтамасыз ету, ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеруге ықпал ету қажет;
- ойындардағы тапсырмалардың әртүрлі тәсілмен орындауын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпал ету керек;
- дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болуы міндетті;

– дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.

Аталған педагогикалық шарттарды басшылыққа ала отырып ойын технологиясын ана тілі сабақтарында пайдалану бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын дамытуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ / Ы. Алтынсарин. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / А. Байтұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі.
4. Рахметова С. Бастауыш класта оқушылардың тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (пед. ғыл. док. дисс.) / С. Рахметова. – Алматы: 1994. – 434 б.
5. Жалпы білім беретін мектептің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» бағдарламасы. – Астана, 2010.